

# АЛАТАУ

## Ардагері



ardager@mail.ru

Алматы облыстық қоғамдық-саяси газеті

№7(7) 8 желтоқсан 2023 жыл

Билік тармағы

### МӘСЛИХАТ МАҚСАТЫ - ХАЛЫҚ ИГІЛІГІНЕ ҚЫЗМЕТ ЕТУ

Баршаға белгілі, Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің тарихы мен шежіресі, қол жеткен биігі – еркіндік аңсаған халықтың ерен еңбегінің жемісі, зор жеңісі. Дамудың даңғыл жолына түскен қуатты мемлекетіміз мұнымен тоқтамайды. Алда – асқаралы асулар мен айқын мақсаттар күтіп тұр. Саяси жаңғыру болмаса, елімізді орнықты дамыту, ауқымды әлеуметтік-экономикалық өзгеріс жасау мүмкін емес. Бұл – анық ақиқат.

Тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасқан Қазақ елі өзінің келешегінің жақын маңдағы даму стратегиясын айқындап алды. Мемлекет басшысы атап өткендей, қазіргі буынның маңдайына тәуелсіздіктің туын тігу бақыты мен оны нығайтып, баянды ету міндеті қатар жазылды. Бұл міндеттерді абыроймен атқару – әрбір азаматтың қасиетті парызы. Билік тармақтарының да алдында тұрған ең басты мақсат – мемлекетіміз одан әрі нығайту. Бұл міндеттерді абыроймен атқару қасиетті парыз болғандықтан осы мақсатта еңбек етіп жатқан билік тармағының бірі. Жұмысымыздың бір сәтінде Алматы облысы мәслихатының төрағасы БАЙЕДИЛОВ Талғат Ескендірұлымен кездесіп, мәслихат жұмыстары жөнінде әңгімелескен едік.

Елдің ішкі әлеуметтік жағдайын халық қалаушылары саналатын депутаттардан артық ешкім біле қоймас. Әңгімеміздің басын жаңа форматтағы депутаттар сайлауынан бастасак. Ерекшелігі неде?

2023 жылдың наурыз айында Қазақстан Республикасының Парламент Мәжілісінің және барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының сайлауы аралас сайлау үлгісі ретінде, яғни жаңа форматта ұйымдастырылды.

Бүгінге сайлау жүйесін жаңғыртудың маңызы зор. Бұдан былай мажоритарлық жүйе бойынша әрбір аймақ Парламенттің төменгі палатасына өзінің кемінде бір депутатын сайлай алады. Көзқарасы әртүрлі азаматтардың Мәжіліске, мәслихаттарға келуіне мүмкіндік береді. Соңғы сайлау нәтижесінде мәжілістің депутаттық корпусының 70 пайызы пропорционалды (партия атынан), 30 пайызы мажоритарлық негізде жасакталады. Аудандар мен қалалардағы сайлау толығымен мажоритарлық жүйеге көшті. Яғни, әр депутат тікелей сайланады. Бұл бәсекелі саяси орта қалыптастыру үшін өте маңызды.

Ел алдында беделі бар тұлғалардың саясатқа келуіне жол ашылды. Жергілікті тұрғындар таңдаған және аймақтық барлық проблемаларына қанық азаматтар сайланды деп есептеймін.

Ендігі әңгімемізді мәслихаттың ішкі жұмысына бұрасак. Атқарылып жатқан жұмыстар туралы не айта аласыз? Депутаттар қандай мәселелерді қарауда?

Бүгінгі күні облысымызда 1 облыстық, 1 қалалық, 9 аудандық мәслихаттар жұмыс жасайды. Жалпы облыс бойынша 228 депутат бар. Олардың ішінде облыстық мәслихат депутаттарының саны - 38.

Сайланған депутаттар әр саланы жетік меңгерген білікті мамандары десем, артық айтпаған болар едім.

Алматы облыстық мәслихатта 6 тұрақты комиссия және «AMANAT» партиясының депутаттық фракциясы жұмыс атқарады. Облыс аумағында тұрғындар арасында туындап отырған өзекті мәселелерді көтеріп, олардың шешілу жолдарын қарастырып, ауқымды жұмыстар атқарауда. Атап айтатын болсам ағымдағы жылдың сәуір айынан бастап 50 тұрақты комиссия отырысы өткізілді. Облыс бойынша 8-ші шақырылым депутаттарымен 10 сессия отырысын өткізіп, Қонаев қаласының бас жоспарын мақұлдау, «Алматы облысының 2030 жылға дейін даму стратегиясына» өзгерістер енгізу, «Алматы агломерациясын дамытудың 2029 жылға дейінгі кешенді жоспарының» жобасын мақұлдау, жаңадан құрылған қалаға «Алатау» атауын беруді мақұлдау, «Алатау» қаласының шекарасын бекіту, Қонаев қаласының ашықарын (шегіні) өзгерту, Іле ауданының Жетіген ауылын облыстық маңызы бар қала санатына жатқызу туралы ұсынысты мақұлдау секілді тарихи маңызды шешімдер қабылданды.

Сессия отырыстарында облыс әкімі Марат Елеусізұлы Сұлтанғазиев және облыстық басқарма басшыларының есепті баяндамалары тыңдалды.

Сондай-ақ, бүгінгі күнге облыстық мәслихат депутаттары тарапынан 102 депутаттық сауал жолданды. Сенат пен Мәжіліс депутаттарымен бірігіп жұмыс тобы құрылып, өңірлердегі өзекті мәселелер Республика деңгейінде қаралуда.

Жаз айларында Парламент депутаттарымен бірге облысымызда әр деңгейдегі мәслихат депутаттары өңірлерді аралап, сайлаушылармен кездесті. Тұрғындардың тыныс-тіршілігімен танысып, облысымыздағы қордаланған өзекті мәселелерді көтерді.

Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес Алматы және Қонаев қалаларының арасында Алатау шаһарының (G4 City) құрылысы жобасын іске асыру мәселелері бойынша облыс әкімі М.Е.Сұлтанғазиевтің басшылығымен жаңа қаланы құру, оны дамыту-бүгінгі тарихи бастамалардың бірі.

Біз депутаттар жұмыс барысында осы басталған жұмыстардың іске асуына, дамуына ақсақалдар алқа-



сы, қоғамдық кеңес, үкіметтік емес ұйымдармен бірлесіп отырып, жұмыстардың ұйымдастырылуына, жаңа бастамалардың көркеюіне бірлесіп атсалысатын боламыз.

Қазіргі таңда облысымыздың алдында тұрған маңызды мақсат-міндеттер аз емес. Шешімін күткен істер де бар. Солардың орындалу жолында қандай әрекеттер қолға алынып жатыр?

Расында, алда қыруар міндеттер тұр. Аудан-қалаларды өркендету, оның ішінде базалық инфрақұрылымды жаңарту - кезек күттірмейтін іс. Себебі, еліміз бойынша энергетикалық және коммуналдық инфрақұрылымның жаңғырту және ауыл шаруашылық пен ауыл-аймақтарды қатар өркендету - басты назарда. Шалғай ауыл тұрғындарын газдандыру, саяжайларға «елді мекен» статусын беру мәселелері де тыс қалған жоқ.

Инфляция өскен сайын халықтың нақты табысы құнсызданып жатқаны ешкімге жасырын емес. Сондықтан азаматтардың әл-ауқатын көтеру - қазір де күн тәртібіндегі маңызды міндет.

Облыс деңгейінде іске асырылып жатқан шаралар өте көп. Шешімін таппаған мәселелер де жоқ емес. Түйткілдерді бірлесіп, талқылау мақсатында облыстық, аудандық мәслихат депутаттары, облыстық басқарма басшылары, аудан басшылары, аудандық бөлім басшыларымен кездесулер ұйымдастырып, Балқаш, Жамбыл, Қарасай, Іле, Талғар аудандарына арнайы іссапармен барып қайттым. Барысында бюджеттен бөлінген қаражаттың тиімді игерілуіне бақылау жасау мақсатында салынып жатқан әлеуметтік құрылыс нысандары мен халық игілігіне пайдалануға берілген нысандарды аралап, алдағы уақытта атқарылатын жұмыстардың жоспарымен таныстым.

Мәслихаттардың жұмыстарында қандай бағыттарға басымдық беріледі?

Заннаамалық жұмысқа байланысты мәслихат депутаттарының белсенділігін арттыру. Ең алдымен, салық, бюджет, қала құрылысы, жер, су кодекстерін айтуға болады.

Парламентке еліміз үшін маңызды құқықтық құжаттарды қабылдау алдында сапалы ұсыныстар беру - біздің басты міндетіміз.

Аудан-қаладағы өзекті мәселелерді шешу де - кезек күттірмей тұрған дүние. Өзіңіз білесіз, әр ауданның өзіне тән ерекшеліктері мен маңызды мәселелері бар. Олардың басым көпшілігі, инфрақұрылымға, әлеуметтік нысандарға, мемлекеттік бағдарламалардың іске асырылуына қатысты.

Сонымен қатар, игерілмей жатқан жерлерді қайтару міндеті де күн тәртібінде тұр. Мәслихат депутаттары осы мәселелерді орталық деңгейде жүйелі түрде көтеріп, олардың оң шешілуіне ықпал етуде.

Қала мен аудандарда Қазақстан Республикасы Заңдарының және өзге де нормативтік-құжаттардың, Мемлекеттік бағдарламалардың өңірлерде орындалу бағысын бақылау да назарға алынған.

Кей жағдайда жоғарыдан түскен тапсырмалардың жергілікті деңгейде орындалуы тежеліп жататыны жасырын емес. Сондықтан, бұл бағытта да мәслихат депутаттары өз саласы бойынша жұмыстар жүргізуде.

Президентіміз он ұлттық жобаны бекіткен болатын. Олардың іске асырылуы туралы не айта аласыз?

Ия, бүгінде Президентіміз бекіткен он ұлттық жоба іске асырылуда. Оның бәрі өңірлерге тікелей қатысты бар құжаттар. Солардың бірі-жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару жүйесін дамыту. Президентіміз басқару жүйесін орталықсыздандыру мәселесіне үлкен мән беріп отыр. Осы мақсатты жүзеге асыру үшін жуықта ғана әкімшілік реформалар бойынша бірқатар заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Мысалы, үкіметтің бірнеше функциясы орталық мемлекеттік органдарға берілді.

Ендігі кезеңде біршама құзыреттер жергілікті жерлерге, нақтырақ айтсақ, аудандық, ауылдық округ әкімдеріне берілуі тиіс. Бұл ретте олардың қаржылық мүмкіндіктері де молайды деп күтілуде.

Қазіргі таңда жас депутаттар қоғамға керек па? Санынан гөрі сапаға қаншалықты мән беріледі?

38 облыстық мәслихат депутаттарының арасында 35 жасқа дейін 4 жас депутатымыз бар. Олар қоғамда болып жатқан мәселелерге назар аударып, қолынан келгенше белсенді түрде өзекті мәселелерді шешуге атсалысуда. Атап айтатын болсам, «Жастарға кеңес» жобасы аясында 7 мобильдік және тұрақты кездесулер өткізіліп, 100-ден астам жас тегін консультация алды. «Bir tolyqynda» ашық диалог алаңы аясында облысымыздың 7 ауданында 40-тан астам кездесу өтті. «QAISAR әскери-патриоттық» жобасы аясында 7 ауданда 10-ға жуық кездесулер мен іс-шаралар өткізілді. «TazaLIKE» экологиялық акциясы Іле өзенінің жағасында орындалған Тамғалы-Тас киелі мекенінде 50-ден астам жастың басын біріктіріп, аймақта тазалық жұмыстарын жүргізді.

«Жастарға жұмыс» жобасының аясында облысымыздың 3 ауданында бос жұмыс орындарының жәрменкелері өтті. Жәрменкелерге 700-ге жуық жастар қатысып, оның 43-і жұмысқа орналасты.

«Есірткіге жол жоқ» тақырыбында облыс бойынша 2 мониторингтік жұмыстар және 2 профилактикалық кездесулер өткізілді. Профилактикалық кездесулерге жалпы 200 жас бас қосты.

Қонаев қаласының мүмкіндігін шектеулі 16 жас тұрғынының туған күніне орай ұйымдастырылған «Қуаныш сыйла» акциясы аясында қомақты сый-сияпат табыс етілді.

«Ардагерлерді ардақтайық» акциясы бойынша Қонаев қаласының 70 жалғызбасты қарттарына азық-түлік себеттері таратылды.

Қазіргі жас депутаттардың бойынан ерекше ұшқынды, ұмтылы пен жігерді байқаймын. Заман талабына сай жаңаша көзқарастарын ашық білдіріп, сөзден іске көшуге асығады. Әрине, алдыңғы буын ағалар бұл потенциалды өшірмей, демеп жіберсе, ертеңі күні елді бастайтын мықты азаматтарға айналатыны анық.

Биліктің бір тармағы саналатын мәслихаттардың беделін, ролін көтеру де керек шығар...

Бұл да-күн тәртібінде тұрған мәселенің бірі. Мәслихат беделі оның құрамындағы әр депутаттың белсенділігіне, жауапкершілігіне, қарым-қатынасына байланысты. Өйткені жергілікті тұрғындар толандырған әлеуметтік-экономикалық түрлі сауалдың жауабын өздері байлаған, сенім білдірген халық қалаушыларынан алғысы келеді. Сондықтан сенімге селкеу түсірмеу маңызды.

Сонымен қатар, мәслихаттарға методикалық, материалдық-техникалық көмек көрсету керек. Оның мүшелері тұрақты негізде семинар, тренингтерге қатысып, тәжірибе алмасып тұрса, артық етпейді.

Облыстық мәслихат депутаттарын қатыстыра отырып, оқу-семинарларды ұйымдастыру жоспарланған. Сонымен қатар партиялардың тарапынан да депутаттарға арнайы оқу-семинарлары ұйымдастырылады.

Біз мәслихаттармен өзара іс-қимылды одан әрі нығайту үшін осындай нақты бағыттарды белгілеп отырмыз. Көптеген өзекті мәселелерді және Мемлекет басшысының реформаларын бірлесіп іске асыруымыз қажет. Мәслихат мақсаты - халық игілігіне қызмет ету. Олай болса, «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» деп, дана халқымыз айтқандай, күштерді біріктіру арқылы ғана біз нәтижелерге қол жеткізе алатынымызға сенемін.

Әңгімелескен Алтынбай СИҚЫМБЕК, «Алатау ардагерінің» тілшісі. Қонаев қаласы.

ЖАҢАЛЫҚТАР ВЕСТИ

### Нарынқолда туристерді жаяу өткізу пункті ашылады

Қытаймен арадағы визасыз режимді тиімді пайдаланып, туристерді көптеп тарту үшін Нарынқолда жаяу өткізу пункті ашу жоспарланып отыр. Алматы облысының әкімі Марат Сұлтанғазиев ОКҚ-де өткен брифингте осылай деді, деп хабарлады BAQ.KZ тілшісі.

Оның айтуынша, республикалық туристік картаға енген әрбір оныншы нысан өңірде орналасқан.

-Биыл 15 туристік аумақта 337 шақырым таулы соқпақтар мен маршруттарды абаттандыру жүргізіліп жатыр. Көлсай көлдерінің инфрақұрылымын дамыту, кәріз жүйелері мәселесін шешуді қолға алдық. Биыл демеушілердің есебінен тегін Wi-Fi қосылып, бейнебақылау камералары орнатылды. Осы жерде Көлсайдың жанындағы Саты ауылы жақында Өзбекстанда өткен Дүниежүзілік туристік ұйымның кеңесінде «Ең үздік туристік ауылдардың» қатарына енгізілінін атап өткім келеді. Бұл туризмді дамыту жұмыстарына берілген жоғары баға, - деді облыс әкімі.

Сұлтанғазиев осыған орай Қытаймен арадағы визасыз режимді тиімді пайдаланып, туристерді көптеп тарту үшін Нарынқолда жаяу өткізу пункті ашу жоспарланып отырғанын айтады. Аталған іс-шараларды іске асыру туристер санын әрі қарай да ұлғайтуға мүмкіндік бермек.



### В Алматинской области ведётся работа по созданию города «G4 City»

Маятниковая миграция, нагрузка на транспортную инфраструктуру и социальные объекты. К примеру, для решения проблемы маятниковой миграции предпринимаются меры по сохранению трудовых ресурсов. В целях размещения экспортноориентированных производств разрабатываются 4 индустриальные зоны площадью 1,3 тыс. га. Они расположены в Талгарском, Енбекшиказхском, Илийском, Жамбылском районах.

Планируется создание ещё одной индустриальной зоны «Жетыген». Она будет расположена на пересечении железных дорог. Её цель - снизить нагрузку на транспортную инфраструктуру за счёт строительства логистических центров и грузовых складов вокруг Алматы. При этом начата прокладка железнодорожной линии «Жетыген-Казыбек бек.

Глава региона отметил, что между городами Қонаев и Алматы возобновлена реализация проекта «G4City». «Первый шаг в этом направлении - создание специальной экономической зоны. Она будет охватывать город «G4 City» и часть города Қонаева.

Источник: ГУ «Аппарат акима Алматинской области»

### Алматы облысында бірнеше автожол 4 айға жабылды

-Алматы облысында үш автомобиль жолы 2023 жылдың 28 қарашасынан бастап 2024 жылдың 31 наурызына дейін жабық болады, - деп хабарлады Sputnik. облыстық төтенше жағдайлар департаментінің мәлімдемесіне сүйеніп.

Жолдардың жабылатыны туралы Алматы облысының жолғаушы көлігі және автомобиль жолдары басқармасы мәлімдеген.

«Есік көліне кіреберістері «Алматы-Талғар-Евгеньевка», «Талғар-Спутник», «Түрген-Обсерватория» автомобиль жолдары 2023 жылдың 28 қарашасынан бастап 2024 жылдың 31 наурызына дейін жабық болады», - делінген хабарламада.

Басқарманың айтуынша, шектеу қысқа кезеңде болуы мүмкін төтенше жағдайлардың алдын алу үшін қойылды.

### Сфера здравоохранения Алматинской области имеет позитивные изменения

В настоящее время сфера здравоохранения региона полна позитивных изменений. За 10 месяцев общая смертность снизилась на 5,6%, смертность от злокачественных новообразований - на 2,1%, а главная положительная информация о том, что нет зафиксированных случаев материнской смертности.

В настоящее время в регионе в рамках национального проекта «модернизация сельского здравоохранения» в 2024-25 годах планируется строительство 38 медицинских объектов. В частности, в городе Қонаев планируется строительство многопрофильной больницы на 800 коек, поликлиники на 500 посещений, инфекционного блока при городской больнице. На сегодняшний день медицинскую помощь населению Алматинской области оказывают 398 медицинских организаций. Оснащенность медицинским оборудованием составляет 91%, автотранспорт - 44%. Также в текущем году фонд «Қазақстан Халқына» выделил 1,1 млрд. тенге на 2 передвижных медицинских комплекса для Алматинской области. Они оснащены японским компьютерным томографом, цифровым маммографом и ультразвуковым аппаратом. Эти комплексы в настоящее время проводят скрининги жителей отдаленных сел.

Источник: ГУ «Аппарат акима Алматинской области»

Источники: ГУ «Аппарат акима Алматинской области»



### Құрметті Оқырман!

Облыс ардагерлерінің тыныс-тіршілігін, жас ұрпақты отансүйгіштікке, елжандылыққа, имандылық пен ибалыққа тәрбиелеу бағытындағы жүзеге асырған іс-шараларын баспасөз бетінде кеңінен насихаттайтын «Алатау ардагері» атты жаңа газет өмірге жол тартты. Ардагерлердің төл басылымына қолдау көрсетеміз дегеніңіздер «Алатау ардагері» газетіне жазылыңыз!

Бір жылға жазылу бағасы - 4915,20 теңге

Индексі- 65472



Үлт тұлғалары

# ЭЛМЕРЕК АБЫЗ ҚАРАДАЛАСЫНА КЕЛЕ ЖАТЫР!

Қазақта «Кешегіңді білмей, бүгінгі мен ертеңіңді білем деу-қиын дүние» деген дана сөз бар. Осы философиялық тұжырымның тереңіне бойлаған бұқара халықтың тарихта ойып алар орны бар Жетісудың Әлмерек абыз секілді тұлғасына тиісті тарихи бағасын беру көптен бергі ойда жүрген дүниелердің бірі еді. Ол ниет о баста 2011 жылдан басталса, осы бағыттағы нақты істердің қолға алына басталғанына төрт-бес жылдың жүзі болып қалған. Сол жұмыстың нақты нәтижесі қылаң беріп, абызға арналған алып ескерткіш тұғырына қонар мезгілі де жақындап қалған секілді. Таяуда Алматының төрінде өткен басқосуда осы мәселе кеңінен сөз болған еді.

Бұл басқосуға қоғам қайраткерлері, қазақтың ой арқаулаған жазушылары, Әлмерек абыздың тікелей ұрпағының өкілдері, ақсақалдар, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты.

Шара басталмас бұрын «Әлмерек» мәдени-тарихи қорының атқарушы директоры, Әлмерек бабаның тікелей ұрпағы Ысқақ Нұрмұхамбетовпен кездесіп, бүгінгі жиынның алдыға қойған мақсатын айқындап алған едік.

«Бұл жұмыспен айналысқанымызға үш жыл болды-деп бастады өз сөзін қор жетекшісі. -Бәрі заңды болу үшін содан бері құжаттарын дайындадық, жер телімін алдық. Ұйғыр ауданының Қарадала жазығы-ежелден ата-бабаларымыз өмір кешкен, тіршілік жасаған аймақ. Сол жақтағы ақсақалдардың, ел-жұрттың инициативасымен абыздың ескерткішін сол жерге қою туралы шешімге келдік. Ескерткіш жұмысын биылғы жылдың ақпан айында тікелей қолға алып, бастадық. Ескерткіш бүгінгі таңда дайын тұр. Ескерткіштің жерден, тұғырынан санағанда биіктігі 15 метрдей, ені сегіз метр таза қолдан жасалған. Бір ерекшелігі, осындай алып ескерткіш қазақ сахарасында бірінші рет қойылайын деп тұр.

Ескерткішке қаржы мемлекеттен емес, тек халықтан ғана жиналып отыр. Әлмерек бабаның өзінің ұрпақтары, кәсіпкер болып жүрген азаматтар көмегі болып жатыр. Бүгінгі басқосудың мақсаты ескерткіштің дүниеге келіп жатқанын ел-жұртқа айтпақпыз. Бұйырғанда, келесі жылдың көктемінде ашылу салтанаты болады. Былтыр осы мезгілде жұмыс басталар алдында жалпы ниетімізді халыққа айтқанбыз. Енді бүгінгі басқосуда ескерткіштің дайын екенін, оны тұғырына қондыру ғана қалғанын айтпақпыз. Бұл жоба-өте үлкен жоба. Жалпы бағасы-242 миллион теңге. Жасыратыны жоқ, бұл жобаны абыроймен аяқтау үшін әлі де болса 70 миллиондай қаржы қажет болып тұр. Бүгін соны да айтпақпыз-деді қор жетекшісі Ысқақ Нұрмұхамбетов.

Бұл кісінің осы қорды басқарып жүргеніне бес жылдың жүзі болған екен. Осы ескерткіштің авторы мүсінші-скульпторды да әңгімеге тартудың реті келді. Өзін Елдос Бексұлтан деп таныстырған жас жігіт әңгімесін бастап кетті.



«2020 жылы Әлмерек бабаның кесенесінде мүсіншілер туындыларына арнайы байқау-конкурс өтті. Оған 20-ға жуық мүсіншінің жұмыстары қатысты. Солардың ішінен екі мүсіннің жобасы таңдалынып алынды. Олар ары қарай таңдалынып, бекітуге облысқа жіберілді. Кейін бір жылдан соң, желтоқсан айында Астанадан, Мәдениет министрлігінен хабар келді. Онда менің жұмысым таңдалынып алыныпты. Қолдан құйылған. Астыңғы тұғыры бетоннан құйылған. Сырты қалың Күртіннің гранитінен қапталған. Осы туындыны жасауға жарты жыл уақыт кетті.

Басында бұл ескерткіштің кескін-келбеті толығымен Күртіннің гранитінен жасалады деп жоспарланған. Алайда, Қарадала жазығында жер асты суы жердің бетіне таяу екені анықталып, 800 тонналық тазатас ескерткіш топыраққа батып кететін болғандықтан, үстіңгі жағының материалын қоладан қаптап жасауды келісіп, ұйғардым. Соның өзінде алып ескерткіштің салмағы 250 тонна болып отыр. Ескерткіштегі Әлмерек бабамыздың бейнеленуі, оң қолымен қамшысын ұстап, ойға шомып тұруы, шапанының етегі, атының құйрығы артындағы тау жотасымен астасып, жалғасып жатуында Әлмерек абызды тау тұлғаға тенеу философиясы жатыр.

Бұл ескерткіш алғашқы туынды емес. Бұдан басқа да жасаған туындыларым көп. Каскелеңе баратын жолдың

бойында батыр бабаларға жасалынған мемориал кешені тұр. Оның архитектуралық жобасын да мен жасадым. Осы кешенің жанында мешіт бар. Сол мешіттің жанында, алыстау да емес жерде «Аналарға мәңгілік құрмет» деген кешен тұр. Онда баласын ұстап тұрған жас келіншек, қасында бесіктің бейнесі бейнеленген. Ол да қоладан 2010 жылы жасалды. Одан басқа Шығыс Қазақстанда, қазіргі Абай облысында туындым тұр. Ұлы Отан соғысында із-түссіз жоғалған ардагерлерге жасалған ескерткіш Бесқарағай ауданы орталығында тұр. Алматыдағы парк ішінде тұрған «Ана мен бала» ескерткіші де-менің туындым. Осындай еңбектерімің еленгені шығар, 2010 жылы жастар «Дарын» сыйлығының лауреаты атандым.-деп аяқтады өз сөзін өнер адамы.

Межелі жерге келген жұртшылықтың бастары қосылып, мақсатты шара өз жұмысын бастап кетті. Шараның бет пердесі осы істің жанашыры саналатын аға ұрпақ өкілі Стахан Белғожаевтың сөзімен басталды. Әлмерек бабаның қазақ қоғамында алатын орнына саяси баға бере келе, бүгінгі басқосудың мақсатына тоқталды. «Аға ұрпақтың атын өшірмей, кейінгі ұрпаққа тарихты алтын әріптермен жазып кету бүгінгі ұрпақтың абыройлы міндеті екенін» тілге тиек ете отырып, бітпей жатқан істің абыроймен аяқталуына бір кісідей атсалысуға отырғандарды шақырды.

Одан кейін сөз алған Токко-

жа Естенов те, Ызғарбек Бектұрсыннов та осы тақырыптан ауытқымай, Әлмерек абыздың өмір жолына баға беріп, шолу жасап, оны келер ұрпақтың жадында қалдырудың бірден бір шығар жолы ескерткішті өз тұғырына қою керектігі төңірегінде болды.

Сөз сөйлеген азаматтардың айтуларына қарағанда ел-жұрттың арасында басында «осы ескерткіш халықтың жүріп-тұруы тығыздау Алматыға таяу жерге неге қойылмады?» деген сауалдар болған екен. Тарихи деректерге сүйенген жанашырлар барлық дүниені таразы басына салып, абыздың алып ескерткіші Қарадала төсінде тұруға лайықты деп шешті.

Осы жұмыстың басы-қасында болып, соның ыстығына күйіп, суығына тонып жүрген жанашырлардың ішінен қордың жетекшісі Ысқақ Нұрмұхамбетов пен мүсінші Елдос Бексұлтан ескерткіштің жай-жапсарынан жиналғандарды жан-жақты хабарлар етті. Осы басқосуды жазушы Нұрлан Оразалин өзінің аталы сөзімен қорытындылады.

Ескерткіштің түбінде тұруға мезгілі келмегенімен, ол туралы айтылған әңгімелердің өзінен-ақ алған әсеріміз мол болды. Ерім дейтін елі болмаса ері қайдан болсын?! «Жоқтаушысы жоқтан сақтасын» деген бар. Абыз бабаның артында оны іздейтін, жоқтайтын ұрпағы бар екен. Соған көзіміз жетті. Соған шүкір дестік.

Әлмерек баба-тек ұлы жүздің ғана емес, қазақтың мақтанышына айналған тұлға. Тарихта өзіндік орындары болса да аттары аталмай, есімдері еленбей, елім деп кеткен ерлеріміз қаншама?! Әлмерек бабаға қойылған ескерткіш соларға да қойылған деп түсінуіміз қажет. Басқаша айтсам, бұл ескерткіш тарихтың көлденкелі жағында қалған басқа да ата-бабаларымызға қойылған ескерткіштің жиынтығы деп қарайтынмыз дұрыс.

Токсан шаруа бітіп, тобықтайы ғана қалған екен. Қойылатын ескерткіш бүкіл қазақ жұртына сын болайын деп тұр. Алып абызды құтты орнына қондырып, келесі көктемде сол ескерткіштің маңайында жай-қалып тұрған жасыл майса мен бау-бақшаны төрт көзіміз түгел барып, көретін сәтті Құдырет иесі бәрімізге нәсіп етсін. Сол сынан абыроймен өтіп, намыстан туған дүние-ескерткіш мақтанышымен қарайтын үлкен дүние болсын. «Қарадаласына Әлмеректей абызы қайтып оралыпты» деген ақсолтай хабар қазақ сахарасына тарағанының куәсі болайық.

**Алтынбай СИҚЫМБЕК,**  
**«Алатау ардагерінің»**  
**тілшісі.**

Алматы қаласы.

Өнер әлемі

Елу жастық мерейтой кез келген өнер ұжымының өміріндегі маңызды бір кезең саналады. Дәл осы бір кезеңде өткен жылдары атқарылған жұмыстар сараланып, алдағы уақытқа биік межелер белгіленеді. Толымды жетістіктерге жетуге мұрындық болған өнер қайраткерлерінің марапатталып, мерейлері өсетін шақ та осы сәтпен тұспа-тұс келеді. Бұл тұжырым Жетісу жұртшылығына елу жылдан бері мәдени қызмет көрсетіп келе жатқан Сүйінбай атындағы Алматы облыстық филармониясының ұжымына да қатысты.

# ЖАРТЫ ҒАСЫР ЖҰРТЫН ӘНМЕН ТЕРБЕГЕН

Өзіндік толымды тарихы бар, ауыз толтырып айтатындай жетістіктері де көп өнер ұжымы өз жұмысын 1973 жылдың 10 қазаны күні бастаған болатын. Сол бір қалыптасу жылдары «Алматы әуендері» ансамблі мен «Майра» квартеті, Лұқпановтардың отбасылық ансамблі, «Әсем» ансамблі көпшілік көңілінен шығып, құлақтан кіріп бойды алатын әсем әндерімен, тәтті күйлерімен жұртшылық жүрегі баурады. Одан кейінгі кезеңде көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері, тарихшы, этнограф Өзбекәлі Жанібековтің келуімен филармония ұжымы толықтай жаңарды деуге болады.

Осы кезде «Адырна» фольклорлық-этнографиялық, «Алтынай» мемлекеттік халық би ансамбльдері мен эстрадалық «Арқас» тобы құрылып, өз жұмыстарын бастады.

«Сазген» фольклорлық-этнографиялық ансамблі филармония құрамына берілді. Мұндай жарқын жаңалықтар өзіндік қиындықтарға толы 1985-1987 жылдары дүниеге келді.

Ел жүрегінен орын алған өнер ұжымының алғашқы директоры Қазақ КСР-іне еңбегі сіңген өнер қайраткері Леонид



Семенов-Ленц, көркемдік жетекшісі Серік Елеусізов болса, оны әр жылдары Георгий Шапошников, Қабиден Тұяқбаев, Алтынбек Қоразбаев, Сәбит Мәндіпов, Самат Мәлімбаев, Ержан Қосбамақов, Артық Токсанбаевтар басқарды.

Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің 1990 жылғы 28 қарашасындағы № 463 Қаулысына сәйкес филармонияға жыр сүйлей Сүйінбай Аронұлының есімі берілді.

Жақында ғана, нақтырақ айтатын болсақ, 3 желтоқсан күнгі кеште Алматы қаласындағы Жамбыл атындағы Қазақ мемлекеттік филармониясының концерт залында Алматы облыстық филармониясының 50 жылдығына арналған «Өнердің алтын ұясы» атты концерті өтті. Облыс әкімдігінің қолдауымен өткен осынау ме-



рейлі шарада филармония ұжымындағы барлық ансамбльдер мен би ұжымдары өнер көрсетті. Жиналған жұртшылық бұл күні ұлттық өнерде өз ерекшеліктерімен танылған «Адырна», «Сазген», «Қобыз сарыны» фольклорлық-этнографиялық ансамбльдері мен «Ақжауын» камералық оркестрі, «Алтынай» мемлекеттік халық би ансамблі ұжымдарының өнерлерін тамашалады. Бұл ұжымдардың қай-қайсысы болсын әрбір концерттің жоғары деңгейде өтуіне зор үлестерін қосып келеді. Құрамындағы өнерпаздар кәсіби орындаушылық шеберліктерін жетілдіре түсіп, репертуарларын байыту мақсатында тынымсыз еңбек үстінде.

Алматы облысы бөлініп, облыс орталығы Қонаев қаласына көшкеннен кейін филармония құрамы жаңа да жас таланттармен толықтырылған болатын.

Осыған орай, бұл концертте мәртебелі аға буын өкілдерімен қатар халықаралық және республикалық байқаулардың жеңімпаздары атанған жас әншілер де халық әндерін, қазақ композиторларының шығармаларын орындады. Көрерменімен қайта қауышатын аға буын өкілдерінің қатарында Қазақстанның еңбек сіңірген әртістері Ұлжан Айнақұлова мен Секен Тұрысбек, Қанат, Айтқұл Құдайбергеновтер мен Гүлнұр Оразымбетова, Қазақстанның Мәдениет қайраткері Өмірқұл Айназов, дарынды күйші Ғаламат Бейсегежа, әнші Кенжекей Ақжолова мен Шаба Әденқұл, Қажымұрат Шененқұл секілді есімдері елге белгілі өнерпаздар болды.

Қаймағы бұзылмаған төл өнерімізді өрге бастырып, көпшілікке насихаттау жолында филармония ұжымының алар асулары әлі де болса алда деп білеміз.

**Данияр ҚҰРАМЫСОВ,**  
**композитор,**  
**ҚР Мәдениет қайраткері,**  
**Сүйінбай атындағы**  
**Алматы облыстық**  
**филармониясының директоры.**

Дін жолы

# БІЗДІҢ ЖОЛ-ХАНАФИ МӘЗҒАБЫ!

Бүгінгі әңгімеміздің тақырыбы төңірегінде әңгіме қозғамас бұрын жалпы «дін мен экстремизм» деген ұғымдардың мәніне үніле кетейік. «Дін» дегеніміз-Жаратушы тарапынан Пайғамбарлары арқылы жеткізілген, өзіндік тарихи жолдарымен қалыптасқан, өзіндік жүйесінен әлемдік ортаға, қоғамға, мемлекетке қауіпті салдары болмайтын негіздер жиынтығы. Ал «экстремизм» дегеніміз- француз, латын тілдерінде «шеттеу», яғни орталықтан ауытқу, белгіленген жерден тыс кету деген мағына беретіні анық. Экстремизм белгілері адамның надандыққа, қорқынышқа бейімделген көзқарасынан пайда болатын көрінеді. Экстремизмнің тағы бір көрінісі - басқа біреуді көре алмай, түсінбей немесе түсінгісі келмеу. Лаңкестіктер дұрыс бағытқа жол көрсететін адамдардың кесініне мүлдем құлақ аспай, тек өздерін ең таза кіршіксіз деп санап, басқаның барлығын адасушыларға жатқызып, жөн білетін адамдарды мойындамайды. Міне, осының салдарынан әлемде түрлі төңкерістер мен қантөгістер орын алуға.

«Экстремизм» сөзінің ең жақын синонимі «радикализм». Саяси ортада пайдаланған экстремизм - саяси экстремизм, ал діни ортада пайдаланған экстремизм - діни экстремизм деп аталады. XXI ғасырдың соңғы жылдарынан бері қарай діни жағдайлармен байланысқан экстремизм қанатын кең жайып келеді. Алайда, бұл экстремизмнің пайда болу сахнасы саяси орта болғандықтан, шын мәнінде діни экстремизм бола алмайды. Мұны саяси мақсатына дін арқылы жету үшін туған әрекет деп бағалағанымыз дұрыс. Оларға тән қасиеттердің бірі- ешбір қажеті болмаса да әр істе шектен тыс шығып кетуге бейім тұруы. Басқаларды да осыған итермелейді. Нәтижесінде көптеген елдерде адамдар арасындағы қалыпты қарым-қатынас бұзылып, қоғамдағы үйлесімді тіршілік арнасынан ауытқып, әлеуметтік толқулардың тууына себеп болып жатқанын көз көруде.

Енді діни экстремизм ұғымдарының ара-жігін ажыратып алғаннан кейін қазіргі таңда өзекті тақырыпқа айналған Ислам

діні мен Ислам атын жамылған экстремистік бағыттағы ағымдарға тоқталғанымыз жөн шығар. Ислам діні - ғылым мен білімге, толеранттылыққа шақырады. Ал Ислам атын жамылған экстремистік топтар -бұқара жұртшылықтың татулығы мен ауызбірлігін бұзатын, ұлтаралық араздық пен алауыздықты туғызатын жансақ пікірлі саяси топтар. Деректерге сүйенсек, Хизбут-Тахрир, ал-Каида, Таблиғи жамағаты секілді өз мақсаттарына жетуді міндет санайтын 16 экстремистік ұйым осы топтарға жатады екен. Осы топтардың барлығының теріс қимыл-әрекетіне Қазақстан Республикасының сот шешімі бойынша заңмен тыйым салынған.

Қазақстан Республикасы алғаш Тауелсіздіктің тұғырына қол жеткізген жылдары жұртшылықтың ой-санасында әлеуметтік-экономикалық мәселелер бірінші кезекке шығып, рухани құндылықтардың кешеуілдегені анық. Қоғамда пайда болған осы рухани бостықтың орнын басқа елдерден келген әр түрлі діни экстремистік топ-

тар өз идеяларымен толтыруға тырысып отыр. Сондай-ақ, еліміздегі діни-сенім бостандығы туралы заңның әлсіздігін пайдаланған шетелдік миссионерлер тамырларын жайып үлгерді. Экстремистік топтардың жансақ идеологиялары ұлтаралық араздық пен алауыздыққа негізделген. Діни экстремизм өте ауыр әлеуметтік-құқықтық және психологиялық мәселе бола отырып, көпәспектті де болып табылады. Демек, діни алауыздық, жеккөрушілік және дінді саясаттандыру секілді қисынсыз көзқарастары мен әрекеттері арқылы пайда болатын қоғамға кері әсерін тигізетін құбылыс болып табылады.

Осы орайда ҚР тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаев: «Экстремизм Қазақстанда кең ауқымда пайда бола қоймаған құбылыс, алайда конфессиянадалдық тұрақсыздықтың бізде де бой көтеруінің белгілі бір қаупі бар. Әрине, егер осы қауіпті өз уақытында сезініп, алдын алмасақ» деген көзқарасын білдірген болатын.

Ислам терроризмге, зорлық-зомбылыққа, діни экстремизмге қарсы. Бүгінгі таңда әлемнің түпкір-түпкірінде ислам атымен жасалған экстремистік террәктілерден санаған жазықсыз адамдардың қаны төгіліп жатыр. Ислам әлемінің біртұтастығына сына қакқысы келетіндер мұның өңін теріс айналдырып, өз идеологияларында басқаша ақпараттар тартуға. Ал Ислам дінінің шынайы өкілдері Жаратушы сөзін алға тартып, бір адамға қиянат жасап, құрбан етуі құллі адамзатқа бағытталған амал ретінде түсіндіруде. Сонымен Исламның қактығы, лаңкестік, зорлық-зомбылықты, өктемдікті айыптаған, керісінше қоғамдық тұрақтылық, ізгілікті, ұстамдылықты уағыздаған дін екендігіне

көзімізді жеткіземіз.

Терроризмнің ұлты да, діні де жоқ. Сол тұрғыдан мұсылман адамның террорист болуы әсте мүмкін емес. Ислам дінінің терроризм, экстремизммен үш қайнаса сорпасы қосылмайды.

Қазіргі таңдағы дәстүрлі Ислам дінін ұстанған иісі мұсылмандардың қауіпсіздігі мен ел тыныштығын басты мақсат ете



отырып, терроризм мен экстремизмнің алдын алу мақсатында ҚР Дін істер агенттігі, ҚМДБ және Қазақстан Республикасындағы лаңкестік ағымдар мен экстремизм мәселелерін зерттеу орталығы бірқатар ірі жобаларды іске асырып, жан-жақты ауқымды істер атқаруда.

Біз дінді әлеуметтік шындықтан бөліп алу әрекетінің тек қана жағдайдың нашарлауына әкеліп соқтырғанының куәгері болдық. Дін атын жамылып, арам пиғылдарын іске асырмақ болып жатқан экстремистер мен лаңкестерге қарсы тұру -баршамыздың ортақ міндетіміз, әрі мүддесіміз. Бұл міндетті іске асыруда дін қосбасшылары мен мемлекеттік органдар, мемлекеттік емес ұйымдардың мүшелері, жалпы ұлт болып, халық болып бір сапта, бір шепте тұрып, біріге күрес жүргізуіміз ләзім. Егер

біз лаңкестердің лас әрекеттерінен тазарған әлемді көргіміз келетін болса, біздің күш-жігерімізді дәл осында шоғырландыруымыз тиіс.

Тұңғыш Президент Н.Назарбаев: «Біз-мұсылманбыз, оның ішінде Өбу Ханифа мазһабын ұстанатын сунниттерміз. Бабаларымыз ұстанған бұл жол ұлттық салт-дәстүрді, ата-ананы сыйлауға негізделген. Ендеше, бүгінгі ұрпақ та әлемдегі ең ізгі дін - ислам дінін қадірлей отырып, ата дәстүрін ардақтаған абзал», - деген еді.

Демек, біздің бағытымыз айқын. Ол біздің ата-бабаларымыздың қасиеттері мен беріп жүрген жолы - дәстүрімізбен, салт-санамызбен біте қайнасып кеткен дәстүрлі Өбу Ханифа мазһабы мен Матуруди ақидасын берік ұстану және оны насихаттау. Барша мұсылмандармен қоян қолтық араласып, бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып ел игілігіне, халықтың қамына қызмет ететін, азғындық пен арыздықты жоятын имандылық салтанат құратын қоғам қалыптастыру.

Республика аймағында лаңкестік және экстремизм мәселелерін зерттеу орталығының басты міндеті- терроризмнің алдын алу. Сондай-ақ, қазақтың салт санасымен санасқан дәстүрлі Ислам дінін насихаттап, құлшылық пен ғибадат мәселесінде Ханифа мазһабын, сенімде әл-Матуруди сүннет жұрты және жамағаты мектебі ұстанатын халықпыз. Орта Азияда туған сүннет салтының Иمامы Өбу Мансур әл-Матуруди негізін қалаған сенім мектебі еліміз ерте заманнан кең тарап, етене араласып кеткен сүннет салтының мектебін бекем ұстануымыз қажет. Біздің жол-осы.

**СИҚЫМБЕКТИҢ**  
**Алтынбайы.**



Жанында жүр жақсы адам

ҰЙЫТҚЫ

Мен кейде осынау ақжарқын келбетті, жүзінен күн күліп тұратын әпкеме қарап, бұл кісінің бойындағы қажымас қуатқа қайран қалатынымын. Қашан көрсек те көпшіліктің алдында, ақ қимешекті әжелердің ортасында жақсылыққа жанашыр болып жүргені. Қашан көрсек те үміт пен сенімнің жетегінде, жаңа бір идеялар бастап, қазақтың тілі мен дәстүр-салтын дамыту жолында пәруана тіршілік кешіп жүргені. Шіркін, есті әйелдің бәрі осындай болсашы дейсің! Шіркін, ұрпақ тәрбиесімен айналысатын ұстаздардың бәрі осы Күміс әпкемізден үлгі алса дейсің!



Күміскүл Пармашқызы Сағындықова-Кемелбекова 1940 жылы маусымның 1-де Жамбыл облысы, Жуалы ауданының Ынтымақ ауылында туған. 1957 жылы Кременовка (қазіргі Шапқак-Ата) ауылында С.М.Киров атындағы орта мектепті медальмен бітірген. (Бұл мектеп қазір өзінің данқты майдангер ағасы, көрнекті журналист, шебер аудармашы, жазушы Құрманбек Сағындықовтың атында). Сол жылы С.М.Киров атындағы Қазақ Мемлекеттік университетінің филология факультетіне түсіп, оны ойдағыдай аяқтаған соң ұстаздық еңбек жолын өзінің туған ауылында мұғалім болып бастаған.

1973 жылы отбасымен бірге Алматы облысының Жамбыл ауданына қоныс аударған соң әуелі аудандық білім бөлімінде әдіскер болды. Сол жылы Ақсеңгір мектеп-интернатының меңгерушісі болып тағайындалды. Одан кейінгі еңбек жолында 1977 жылдан «Үлгілі» сегізжылдық мектебінің директоры, 1980 жылдан 1994 жылға дейін «Дегерес» орта мектебінің директоры қызметін абыроймен атқарды. 1994 жылы Жамбыл аудандық білім бөлімінде Халық педагогикасын жетілдіру жөніндегі әдіскер болды.

Зейнет жасына жеткен соң Ұзынағашта Т.Рысқұлов атындағы орта мектепте ұстаздық қызметін жалғастырып, ұлтын сүйер өскелең ұландар тәрбиелеу жолында өлшеусіз еңбек сіңірді, этнографиялық мұражай ашып, оқушылардың бірнеше легінің рухани көзкеігін кеңейтті.

К.П.Кемелбекова-Қазақстан Республикасы оқу ісін үздігі, Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері, «Ыбырай Алтынсарин» төсбелгісінің, «Ерен еңбегі үшін», «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне – 10, 20, 25 жыл» мерекелік медальдарының иегері, Алматы облысының және Жамбыл ауданының Құрметті азаматы, қажылық парызын өтеген ардақты ана. Отбасында марқұм ағамыз Асылбек Кемелбеков екеуі алты перзентін мәпелеп өсірді. Немере, шөбере сүйген бақытты әже. Шығармашылық еңбегінің нәтижесінде «Өмір өткелдері», «Отбасы – тәрбие айнасы», «Ақ әжелер – тұнған өнер», «Тау тұлғалы нар ағам» атты кітаптары жарық көрген қаламы құнарлы туындыгер.

Қазақстан тәуелсіздігінің алғашқы жылдарында... жоқ, одан да ертерек екен ғой, із, сексен алтыншы жылғы тарихи оқиғадан кейінгі кезеңде ұлттық намысы ширыққан Күміс Пармашқызы Кемелбекова ауданда тұңғыш рет әжелер ансамблін құрды. Қазір айтуға ғана оңай, болмаса, бұл ұжымды біріктіріп ұйымдастыру, оның түрлі орталарда халықтың алдына шығуына күш салу, мәртебесін бекіту, салт-санамызды насихаттайтын осындай ақ ниетті әжелер ансамблінің қажеттілігін білік орындары алдында дәлелдеу, арнайы киім тіктіруден бастап, шығармашылық бағдарламасын жасау, бәрі-бәрі қыруар қажырлы еңбек пен кәдімгідей қаржыны да талап еткенін енді кім ескеріп жатыр? Соның бәрін үлкен жігермен, тың ізденіспен атқарды, Күміс әпкеміз. Бұл қоғамдық жүктеме өз алдына, одан тыс мектептегі сабағы, үйдегі әйел, ана ретіндегі айнымас міндеті тағы бар. Соның бәрін уақыт табу, бәрін рет-ретіне келтіру кез келген әйелдің, ананың, ұстаздың қолынан келе бермес еді. Күміс Пармашқызының қолынан келді.

Бір күні қарасам, Ұзынағашқа кіре беріс көшенің көрнекі бір тұсына ақ шаңқан киіз үй тігіліпті. Сұрастырсам, Күміс әпкеміз жазда ары-бәрі өткен жолаушы сусындайтын қымызхана ашыпты. Дастархан толы ұлттық тағам, сары тоқаш, құрт-майы, ірімшік, женті тіл үйіреді. Саба толы сары қымызды бабымен сапыр-е-е-п отыр ортада. Көргеннің көзі қуанады, ішкеннің мейірі қанады.

Біреулер ойлайтын шығар, нарықтың жетегіне ілескен елдің іскерлік әрекеттеріне сай пайда табу мақсатымен жасалған жұмыс шығар

деп. Тіпті олай емес. Кәдімгі ұлттық болмыс. Кәдімгі ұлттық дүниемізді жаңғырту, ұмытпай есте сақтау, бір адамның болса да зердесіне бұрынғы ата-бабаларымыздың бие байлап, қымыз ашытып, кереге көзінен береке шалқанған киіз үйінде малдас құрып отырып мәслихат құратын кейіпін тағы бір елестету үшін жасалған ұмтылыс еді бұл. Қазағым деп соғатын жүрегі қандай бұл тәтеміздің!

Кейін өзі айтады ғой, «Содан түк пайда таппадым, қайта кейбіреулер өзіме күліп кетті» деп. Расында солай. Біз қазақтық қалпымызға қайта оралғанша әлі талай су ағатын шығар. Сол кезде Күміс сияқты қазақы мінезді қажымас қайсар әпкелеріміз алдымыздан шығып тұрса, қане.

Ұйытқы дейтін дүниені аққа жақын жүретіндер жақсы білсе керек. Ол болмаса сүттің – айранға, саумалдың – қымызға айналуы неғайбіл. Және ұйытқан осы екен деп, кез келген ақты ашықты ретінде албағы пайдаланбайды қазақ. Ол ұйытқы болып маңдымайды, ұйытқының да ұйытқысы болады. Білетін адамдар оның ең маңыздысын ғана таңдайды. Бір қарасам, Күміс әпкеміз тура осы ең маңызды ұйытқы тәріздес. Қашан болсын көпшілікті жақсылыққа үндеп, ісімен де, сөзімен де бәрін бір мәмілеге келтіріп, айналасына шұғыла шашып жүргені.

«Көп білген кеменгер емес, білгені еліне көп пайда келтірген кісі-кеменгер» деген екен, көне грек данышпаны Эсхил. Сол айтпақшы, көріп-біліп, көкейге түйгенін көпшілікке алғасыз ұсынып жүрген осындай адамдар болмаса, мына өмірді қаншалықты көңілсіздік басарын көз алдыңызға бір елестетіңізші. Біздің Күміс әпкеміздің ұстаздығы ғой осының бәрине бастап жүрген. «Білгенін үйретсем» дейді, «Әжірттерім өзімнен де білімдірек, өзімнен де биік, жігерлі болса екен» дейді. Сол үшін бүкіл өмірінің қырық бес жылын мектепте өткізді. Кейінгі отыз бес жылда ауданның барлық қоғамдық жұмыстарына белсене араласып, ұлттық келбетіміздің жарқырай түсуі жолында өлшеусіз тер төкті. Біз келтірген бірді-екілі мысал шет жағасы ғана. Бұл адамның жарқын нұрлы жан дүниесіне үңілу үшін ол мүлдем азық етеді.

\*\*\*

Екеуміздің бір әңгімеміз байған тұста: -Тәте, сіз көп адамның өмірін ұзартуға өлшеусіз үлес қосқан адамсыз,-дедім мен төтесінен. Қапелімде естілген тосын тіркес болған соң ба, бұл кісі сәл ойланып қалды. Қалт түсінгені бет әлпетінен байқалды. «Дәрігер емеспін, емші емеспін, мұнысы қай айтқаны?» деп абыраған да болар. Ал менікі сәл астарлы болса да негізі шындық сөз еді.

Расында, әжелер ансамблін құруға ұйытқы болуының арқасында Күміс Пармашқызы егделік жасын еңсерген талай адамның жанына шуақ, бойына қуат құйды. Алдағы болашаққа деген сенімін сергітті, кейбір адамдардың алтын толы сандықтай асыл кеудесінің кілтін ашты, әлі де берері мен көрері көп екеніне көзін жеткізді. Олар өзінің қоғамға әлі де қажет екенін сезінді, сөйтіп көңіл көтерілді, өмірі ұзарды.

Ұлттық педагогиканың ұлағатын әріден пайымдаған оның ең алғаш осы әжелер ансамблін қалай құрғанын біз әрине, көргеміз жоқ. Оңай болды деп ойламаймыз. Ол туралы өзі де «Өмір өткелдері» атты кітабында жіктеп, жіліктеп жазды. Бірақ біз басы-қасында жүрмеген соң сол кездегі ұжым құрудың ұңғыл-шұңғылына терең бойлай алмаймыз. Дегенмен бір білетініміз, осы кісінің бастамасымен күллі Қазақстан бойынша тұңғыш рет біздің Дегерес ауылында құрылған әжелер ұйымының кейін күллі Қазақстан бойынша кең қанат жайғаны. Оны дәлелдеп жатудың қажеті шамалы, осы күні қай жерде қандай ұжым бар екеніне көпшілік күнделікті ақпарат құралдары арқылы қанық. Қазір еліміздегі аудандар былай тұрсын, тіпті әжелер ансамблі жөң ауылдық округ бар ма екен өзі деп жайран қаламыз. Демек, біздің Күміс әпкеміздің бір кездегі бастамасы ел үшін аса қажетті, әрі өміршең болды деп білген дұрыс.

Иә, кері тартып үйренген кейбір ағайыннан: «Қартайғанда кәрібоз жорға шығыпты» дегендей, осы кемпірлер сахнада секектеп қайтеді. Жатпай ма үйінде немере бағып...» деген пікірді де естіген құлақта жазық жоқ. Кейін солардың өзі әжелер өнеріне сүйсіне зер салып, залда дуылдата қол шапалақтап отырғанын да талай рет көрдік. Өйткені отбасында ұлы мен қызын аялап өсіріп, өнегелі тәрбие берген Күміс тәріздес әрбір ананың кеудесінен шыққан күмбір үнге тебіренбеу мүмкін емес еді. Олар өз кеудесінде ұлт мәдениеті мен өнерінің алауын өшірмей сақтағандар болатын. Сол алауды қисынын келтіріп одан әрі лаулауып жіберген Күмістің өлшеусіз еңбегінің нәтижесі осы сахна төріне көтерілген әрбір әженің қимыл әрекетінен, сөзінен, үнінен, үстіндегі ұлттық киімінен байқалды. Осыны кезінде ұлт мәдениетінің шынайы білгірі, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, асыл текті ағамыз марқұм Өзбекәлі Жәнібековтей терең пайымдай алғандар қаншалықты еді деп кейде қазір ойға шоматынымыз бар.

Жамбыл ауданында «Ақ әжелер» фольклорлық-этнографиялық халық ансамблін құрып, кейінгі отыз жыл мұғдарында еліміздің өнегелі ұлағатын талмай дәріптеген біздің Күміс әпкеміз қазақтың тілі мен дәстүрін өрістетуге үшін жанын сала күресті. Ол жетекшілік еткен ұжым мүшелері де уақыт өткен сайын тұлғалана түсті. Олар әлеуметке жеткізген кешегінің өсиет нақылы, ауыз әдебиетінің інжу-маржан қазынасы, халықтық салт-дәстүр сипатынан сахна арқылы көрсеткен әрекет көріністері үнемі іріктеліп, сұрыпталып тұрды, елге тек ең өнегелі, ең озық нұсқаларды ұсыну көзделді.

Өзінің мамандығы филолог болғандықтан да шығар, фольклордың қаншалықты құнды екенін жақсы білетін Күміс Пармашқызы осы тұрғыдан да ізденісті жұмыстар атқарды. Ол ел арасында сақталып қалған ескі әуендер мен мақамдарды жаңғыртты, этнология мен әдебиеттану саласының мамандары назар аударар болса, аса маңызды саналатын аңыздар мен эпсаналардың, қара өлеңнің қаншама нұсқасын тапқаны да-өз алдына бір тарау әңгіме.

Уақыт өте келе кейінгі тарихшылар мен әдебиеттанушы, әлеуметтанушы, өнертанушы мамандар, әр саладағы зерттеушілер ел тәуелсіздігінің елен-алаңындағы рухани-әлеуметтік мәселелерді зерделейтін шығар деген ойдамыз. Сол кезде кеңестік идеологияның тегеурініне төтеп бере алмай жаншылған ұлттық рухтың өн бойына қайтадан қан жүгіртіп, дем салып демей көтеру үшін шырылдап жүгірген шырақты әйелдердің қатарында біздің Күміс әпкеміздің есімі алдыңғы қатарда тұрса жарасар еді.

Бұл кісі туралы біздің айтарымыз мына шағын мақаланың аясына сыймайды. Сондықтан тізгінімізді тарта-тарта, іркіле сөйлеп жатырмыз. Өзі сексен үшке келдім десе де өзіміз үшін сол баяғы сексенінші жылдардың соңында көрген кейінде сияқты. Дегенмен уақыт шіркінде тоқтама жоқ, тұңғыш ұлымен қатарлас болғандықтан да шығар, алпыс беске жуықтаған бізді де бір баласындай көреді бұл кісі. Біз болсақ өзін жан дүниесі жақын әпке санаймыз.

Әпкеміздің өмірлік тәжірибесі бай, көрген білгені көп, көкірекке түйген қазынасы қисапсыз, өнеге-үлгісі баршаға ортақ. Ол қашан да қазақтың асыл текті қасиеті ұрпақтан ұрпаққа ұласа берсе, атадан балаға мирас болып келе жатқан баға жетпес бай дәстүрінің тіні үзілмесе, ұлт жанының жалқын нұры көмескіленбесе, халықтың саф алтындай сөзі арзандамаса, күміс қоныраудың үніндей күмбірлеп естілетін күйі мен әнінің ырғағы бұзылмаса екен деп Алладан тілек тілейді. Өзі үйреткен өнегені жалғастыруар перзенттерің, күллі қазақ елі ұрпағының болашағы баянды болса екен дейді.

Имандылық жолында адалдығынан жазбаған асыл ананың осынау ақ тілегін Жаратқан Жаббар иеміз қабыл етсін дейміз біз де. Бұл кісіге деген елдің ықылас ілтипатын, еншілеген марапат-атақтарын, шақыртумен барған, өздері аралап көрген Қазақстандағы, шетелдегі жерлерінің бәрін тізімдеп тізер болсақ, сөз ұзара береді. Сондықтан осы арадан нүктелеуге мәжбүрміз. Жасай беріңіз, жақсы әпке! Сізге зор денсаулық тілейміз. Аппақ шыңдай сенгірлі жасыңызда Алланың рақым-шапағатына, табиғаттың рисалат нұрына бөленіп, еліңіздің ортасында мархабат кешіп жүре беріңіз. Сіздің үлгі-өнегеніз енді кейінгі немере-шөберелеріңізге жұғысты болсын.

**Рәтбек ТЕРЛІКБАЕВ,**  
Қазақстанның құрметті журналисі,  
Жамбыл ауданының  
Құрметті азаматы.  
Жамбыл ауданы.

Салауатты өмір

Еңбекшіқазақ ауданы Есік қаласының құрметті ардагері Асанова Зұбайда Көпбайқызы 1944 жылдың 17 наурызында Тәжікстанның Қорғатөбе ауылында дүниеге келген. Отбасында бес ағайынды болған екен. Әкесі Көпбай есепші қызметінде, анасы Бибіқадиша-сол ауылдың клуб меңгерушісі қызметінде болған азаматтар. Қазақстанға 1956 жылы көшіп келген Зұбайда апамыз Кентау қаласында мектеп қабырғасын тәмәдпа, 8 сыныптан кейін Түркістан педагогикалық училищесін, кейін Шымкент педагогикалық институтында оқып, дефектология мамандығын алады.

БЕЛСЕНДІ ОРТАЛЫҚТАҒЫ  
БЕЛСЕНДІ АРДАГЕР

Оқуын аяқтаған ол кісі 1964 жылы жиырма жасында тұрмысқа шығады. Жұбайы Серік Төлегенұлы Есік қаласындағы Алматы облыстық арнайы мектеп-интернатында оқу ісінің меңгерушісі қызметін атқарған. Қазіргі кезде олар бір ұл мен екі қыздың ата-анасы, бес немере мен бір шөберенің аяулы ата-әжесі болып отырған жағдайы бар.

Зұбайда Көпбайқызы-бар өмірін білім саласына арнаған ардақты ұстаз. Балабақша меңгерушісі болып істеп, кейін Есік қаласындағы облыстық арнайы мектеп-интернатында орыс, қазақ тілі пәндерінен дәріс береді. 2002 жылы зейнетке шықса да, ары қарай, 2011 жылға дейін жұмысын сол мекемеде жалғастырғаны бар.

1970 жылы В.И.Лениннің туғанына 100 жылдығына орай «Білім саласындағы еңбегі үшін» медальмен, 1992 жылы «Қазақ ССР халық ағарту ісінің озық қызметкері» төс белгісімен және 2023 жылы 29 қыркүйегі Қазақстан Республикасының оқу-ағарту министрлігінен «Еңбек ардагері» медалімен марапатталған. 1992 жылдан бастап Еңбекшіқазақ аудандық «Алтын Адам Ардагерлер Ассамблеясының» мүшесі.

Зұбайда Көпбайқызы-қазіргі таңда Есік қаласы «Белсенді ұзақ өмір орталығының» белсенді қызмет алушысы. Орталықтың скандинавиялық жаяу жүру, емдік дене-шынықтыру, еңбек терапиясы, цигун, массаж, акваэробика қызмет түрлеріне қатысады. Белсенді ұзақ өмір орталығының тағы бір белсенді қызмет түрі агрокраудсорсингке қатысып, бөлінген жерге егін егіп, жаз бойы күтіп-баптап, өнімін алды. Қазіргі зейнеттегі жасына қарамастан, Белсенді ұзақ өмір орталығының қызмет алушыларымен скандинавиялық жаяу жүруден 2023 жылдың 12 қараша күні «CITY RUN 2023» күзгі марафонына қатысып, сертификат, медальмен марапатталды.

«Осы жылдың ақпан айынан бастап «Алматы облысы жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы» мемлекеттік мекемесіне қарасты Есік қаласындағы белсенді ұзақ өмір орталығына ашылған күннен бастап барып жүрмін. Денсаулығым әлдеқай-



да жақсарды, өзімнен қатарластармен араласып, ортам кеңейді. Әр мерекеде ән айтып, би билеп, аға буын өкілдері өз уақыттарын қызық өткізуде. Зейнетке шығып үйде отырғанымнан көрі мен орталыққа келіп уақытымды тиімді, әрі өзімнің денсаулығымға пайдалы өткізудемін. Барлықтарыңызды белсенді өмір сүруге шақырамын. Осындай орталық ашып отырған басшылыққа алғысымыз шексіз» деп, еңбеккер, денсаулығына үлкен мән беретін, өмірге, өнерге деген құштарлығы зор ардагеріміз өз сөзінде қуанышымен бөлісіп, алғысын білдіруде.

**Назира ҚЫДЫРҚОЖАЕВА,**  
Белсенді ұзақ өмір орталығы  
директорының әлеуметтік  
жұмыс жөніндегі орынбасары.  
Есік қаласы



«Алатау ардагері»-2024

Ардагерлер жарады



Газет-өмір айнасы. Қандай нәрсе болса да газет бетінде жарияланып, сол арқылы жұртшылыққа тарайды. «Газет-қоғамның жаршысы» деп бекер айтпаған. Газет бетінде жаңалықтардан бөлек, өңірдің тарихына байланысты мақалалар, белгілі тұлғалар туралы материалдар үздіксіз беріліп тұрады.

Атақты алаш ардақтысы, халық жанашыры Ахмет Байтұрсынұлы: «Газет-халықтың көзі, құлағы һәм тілі» деп айтқан. Өте дұрыс айтылған сөз.

«Дала уәлаятынан» бастап өсіп-өніп келе жатқан бүгінгі қазақ газетінің бір қабырғасы қайысып қалды. Себебі оқырман жоқ, санаулы-ақ. Жалпы қазіргі таңда газет оқытқан оқырман тек уәли жастар әрі асқандар мен ерекше қызығушылығы бар адамдар болмаса, жаппай оқу үдерісі жоқ секілді. Оның орнын әлеуметтік желі басқан.

Аптасына, айына шығатын газеттердің бет-ретін ақпараттың күн сайын, сағат сайын жаңартып отыратын жылдам желі жеңіп кетті. «Газет

керек пе бізге?» деген сұрақ туындайды. Мен өз басым керек деп ойлаймын. Облыс ардагерлеріне арналған «Алатау ардагері» атты газеттің шығуы бізді ерекше қуантты. Бүкіл облыс бойынша істелген істер жайлы хабардар болу – үлкен ғанибет.

Ұйғыр ауданы ардагерлер кеңесінің төрағасы Нұрсейітов Ербол бастаған ардагерлер төл газетке жазылуы бастап кетті. Сүмбе, Ақтам, Шонжы ауылдарындағы ардагерлер белсенді түрде жазылуға. Барлық ардагерлер газеттің әрбір отбасына жетіп, газеттің таралымы көбеюін құптайды. Тұяқбаев Мәлік, Әжібаев Бекет, Атағұлова Гүлназ, Тохтыбакиев Абдразақ, Мерейімов Қалабай республикалық, облыстық, аудандық екі газетке жазылуға өз үлестерін қосуда. «Алатау ардагері» газетіне жазылуды бүкіл ардагерлер құптайды, жаппай жазылуға.

**Рая САРТОЛОВА,**  
Ұйғыр ауданы ардагер әжелер  
кеңесінің төрайымы.



Молодые таланты

Писатель МИХАИЛ ЧУРСИН:

«КОГДА НАЧАЛ ПИСАТЬ? В ДЕТСКОМ САДУ!»

Сегодня читателям газеты «Алатау ардагері» мы хотим представить новую рубрику: Наши земляки.

Здесь мы будем публиковать материалы о людях, уроженцах Илийского района, какой-то период времени живших, учившихся или работавших тут, а ныне, завершив учебу в вузах, сменивших прописку. Одни - на Алматы, другие - на Астану, в соседние ближние страны или на дальнее зарубежье.

на продвижении решений и оборудования компании Хуавей в нефтегазовом секторе. Реализует проекты цифровизации в рамках работы с компаниями - недропользователями как то: «Алтыналмас», «Казахмыс», «Казминералс», «Казфосфат».

Но у Михаила много и дру-

гих способностей, увлечений. Он - переводчик, преподаватель, поэт, публицист. Еще школьником и потом студентом Михаил сотрудничал с районной и областной газетами «Илетаны» и «Огни Алатау», писал для республиканского журнала «Жер жихан». Пробует себя на

писательской стезе. Причем, впервые проба пера состоялась ... в детском саду.

Первая его книга, вышедшая в 2011 году, называлась «Сияние Алиен Доторес». В 2012 году вышла вторая книга: «Слова Назидания» (перевод Абая). Третья: «Дорога в Поднебесье» - в 2014. Четвертая: «Ревность девятого солнца» - в 2023.

На днях в Алматы, в театре «Арт- убежище Bunker» на Досмухамбетова, состоялась презентация его пятой книги: «Затерявшийся. Легенда Бендгарии». Мероприятие прошло в форме музыкального фэнтези-спектакля. О чем же новая книга Михаила Чурсина?

Краткая аннотация: Легенды Бендгарии повествуют о событиях за сотни лет до действия основного цикла Затерявшийся. Согласно задумке, данная книга знакомит читателя с особенностью мира, раскрывает историю возникновения ключевой религии, готовя основу для всего цикла. При этом является самостоятельным и закончен-



ным произведением. Написано в жанре фэнтези. Книга, безусловно, понравится тем, кто хочет отвлечься от серых будней и погрузится в мир приключений и открытий. Любителям и поклонникам «Властелина Колец», «Хроник Нарнии», и миров Терри Гудкайда. По вопросам приобретения

печатного варианта можно обратиться к автору в инстаграмм @chursin.writes, прочесть в электронном виде на платформе Литрес, в библиотеке (приложении author.tobay).

Встречался и беседовал с писателем  
Рамазан ЕЛЕШЕВ.

Армадастар, құрдастар

ЖАСТАР ТУРАЛЫ ҰЛТТЫҚ БАЯНДАМА

Дәстүрлі «Қазақстан жастары – 2023» ұлттық баяндамасы жарыққа шықты. Жұртшылыққа биылғы он бірінші басылмды «Жастар» ғылыми-зерттеу орталығы арнайы таныстырды. Құжатта еліміздегі жастар өмірінің негізгі салаларындағы жағдай кейінгі әлеуметтік-экономикалық және жаһандық геосаяси сын-қатерді ескере отырып, жан-жақты талданған.



Тұсаукесерге Мәдениет және ақпарат вице-министрі Евгений Кочетов, министрліктің Жастар және отбасы істері комитеті төрағасының міндетін атқарушы Роллан Құспан мен ғылыми-сараптамалық қоғамдастықтың, саяси партиялардың, үкіметтік емес және жастар ұйымдарының өкілдері қатысты. Жыныда «Жастар» ҒЗО директоры Айсұлу Ернязова Ұлттық баяндаманы дайындау бойынша жұмыстың негізгі қорытындыларына тоқталды.

Ұлттық баяндама жастар арасындағы әлеуметтік дамудың ағымдағы трендтерін, олардың қажеттіліктері мен мүдделерін айқындауға бағытталған. Құжат еліміздің барлық аймағында «Face to face» форматындағы жаппай сауалнама тілдік ортасы, дін, жастардың қоғамдық көңіл күйлері, пайдаланатын әлеуметтік желілер мен мессенджерлер, азаматтық белсенділігі, қауіпсіздік мәселелері мен құқығының сақталуы, жастар саясатын іске асырудың тиімділігі, мемлекеттік бағдарламалар туралы хабардар болуы, трендтері зерделенді. Баяндамада елдегі әлеуметтік-экономикалық, сондай-ақ саяси өзгерістерді ескере отырып, салалар бойынша ұсынымдар да қалыптастырылды. Бұл зерттеулер мүдделі барлық тарапқа – мемлекеттік органдар-

халықтың орташа өсу қарқыны 2-ден 4 пайызға дейін екендігін көрсетеді. Сонымен қатар 2011 жылы туған ұрпақ жастар шоқысының қоздырғышы бола алады, яғни олар қазір 11-12 жастағы балалар. Сондай-ақ философия докторы, қауымдастырылған профессор Ербол Омаров жастар арасындағы қауіпсіздік мәселелеріне қатысты пікірімен бөлісті.

Жастар арасында қылмыстың пайда болуына әлеуметтік теңсіздік, білім алуға және жұмысқа орналасуға қолжетімділіктің болмауы, сондай-ақ құқық қорғау органдарына сенімсіздік сияқты бірқатар фактор ықпал етеді. Сонымен қатар интернет пен әлеуметтік медианың әсері қылмыстық мінез-құлдық әкелетін жағымсыз тенденцияларды күшейтуі мүмкін, – деді ол.

Кездесу барысында «Amanat», «Ауыл» және «Respublica» партиялары жастар қанаттарының өкілдері де сөз сөйледі. Олар жастардың саяси белсенді бөлігі арасында жастар саясатын іске асыру тәжірибесімен бөлісті. Бұған қоса жұмыс барысында ғылыми негізделген тәсілдерді қолданудың маңыздылығы туралы айтты. Сондай-ақ сарапшылар жастар өмірінің әртүрлі аспектілері бойынша ұсыныс-пікір алмасты. Қатысушылар бірауыздан ғылыми зерттеулердің нәтижелері әсіресе жастар арасында насихаттаудың маңыздылығын атап өтті.

Айта кетейік, «Жастар» ғылыми-зерттеу орталығы «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» заңға сәйкес 2013 жылдан бері жыл сайын жас отандастарымыздың өмірінің негізгі салаларындағы жағдайы туралы ұлттық баяндама дайындайды.

Зейін ЕРҒАЛИ.

Статистикаға сәйкес, Қазақстанда бүгінде екі миллионнан астам егде жастағы адам тұрады. Жалпы, жақында жүргізілген зерттеуге сүйенсек, Қазақстанда да халықтың қартаюы байқалады. Егер 2010 жылы зейнет жасындағы халық деңгейі 9,9%-ті құраса, 2020 жылы бұл көрсеткіш 11%-ке жеткен. Қазіргі өмірдің қиындығына қарамастан, алмағайып заманды бастан кешірген біздің қарияларымыздың рухы биік, олар әлі де қайратты әрі жігерлі. Егде жастағы қариялар елдегі өскелең ұрпақ туралы не ойлайтынын және жастарға не тілейтінін Sputnik Қазақстан тілшілері анықтап білді. Аға ұрпақ өкілдерінің айтқандарына құлақ асайық.

ҚАРИЯЛАРДЫҢ  
ҰРПАҒЫНА  
АЙТАРЫ

Аллаберген Әзімхан - 96 жаста: «Біз үшін ең басты орында – отбасы. Қазір шырық бұзылған жаңуа көп. Ер адамдар ішімдікке салынған, оның зардабын әйелдер және қыз балалар көріп жатыр. Арақ – бұл індет. Аздап ішсең, бітті, соның құрсауында қаласың. Сондықтан өмірде ең бастысы отбасы екенін әркез есте ұстау керек! Баланың бойында қыз-келіншектерге деген құрметті тәрбиелеу қажет. Себебі әйел – олана! Барлығымыз анадан туғанбыз!».

Альбина – 80 жаста: «Жастарға менің жасыма жету үшін спортпен айналысу қажет екенін айтқым келеді. Жүгіріңіздер, салқын суға шомылыңыздар, өмірді сүйіңіздер, мейлінше игі істер жасап, күліп, бақытты жүруге тырысыңыздар. Сырт келбетіңіз күліп тұрса, ішкі жан дүниенің де нұрлана түседі».

Анатолій – 76 жаста: «Қарапайым әрі еңбеккер болу керек. Біздің жастар жап-жақсы. Менің айналада жастар көп. Бұл балаларды алда әлі көп жақсылық күтіп тұр деп сенемін».

Дальвира – 63 жаста: «Зейнет жасына жетіп, зейнетақы алуына тілектеспін. Немере сүйсін. Ал, біздің жастар қандай дегенге келсек, еш жаманы жоқ деп ойлаймын. Бірақ мұны қиын шақ туғанда ғана жақсы түсіну мүмкін-ау. Дәл осындай кезде адамның шынайы бейнесі көрінеді».

Екатерина – 83 жаста: «Мен жастарға мейірімді, бақытты, мұқият болуды тілеймін. Жұмыста ұқыпты болып, оқуда озат болу керек және мұқтаждарға әркез қол ұшын созу қажет. Біздің жастар өте жақсы. Еш жаман сөз айта алмаймын».

Есмағұл Қашкенбаев – 85 жаста: «Қазіргі өмір біздің кезіміздегідей емес,

мүлде басқа екенін жақсы түсінемін. Біздің балаларымыз бен немерелеріміз заман ағымына қарай өмір сүріп жатыр. Үлкендер жастардан әркез аз нәрсені талап етеді. Бұл – Отанға деген махаббат пен құрмет, өз ата-анасына көңіл бөлу және қамқорлық таныту. Қазіргі жастарға бірдені міндеттесен, керісінше, қарсылық танытады. Әйтсе де, жастардың басым бөлігі бетпе-бет кездесуден гөрі телефонға шұқып отырғанды жөн көретіні өкінішті».

Наталья – 69 жаста: «Жастардың бойында табиғатқа, Отанға деген құрмет пен махаббат болса деймін. Қазір көбі табиғат пен жануарларға немқұрайлы қарайды. Ал бұларға деген қарым-қатынасы нашар болса, онда адамға деген жақсы ниеті де жоқ екені белгілі. Жастарға оқу оқып, жұмыс істеп, табысты болуды тілеймін. Мемлекет те жастарды қолдап, өздерін дамытуға мүмкіндік жасауы да маңызды».

Алма – 77 жаста: «Балаларымыз тамаша. Немере-шөберелеріміз де барлығы жақсы болса екен. Оларға денсаулық, бақыт және ең бастысы, адамдықтан айнымай өсуін тілеймін. Жастарымыз әртүрлі. Бірдей емес. Бірақ олардың қай-қайсысы да бақытқа лайық!».

Галина – 81 жаста: «Жастардың алдыңғы буын және жалпы ел тарихын білуі маңызды. Олар қарияларға құрметпен қарауы керек. Мына заманауи өмірде өздерін жоғалтып алмауы керек. Қазір барлығы тым күрделі болғандықтан, жастар үшін алаңдаймын. Қажетсіз ақпарат көп. Сондай ақпаратты сырт айналып өте алу керек».

Әлеуметтік желіден алынды.



негізінде жүргізілді. Жастардың қазіргі жағдайын талдау аясында еліміздің барлық өңірінде 6 мың респондентті қамтитын әлеуметтанулық зерттеулердің нәтижелері пайдаланылды. Ашып айтсақ, сауалнама негізінде жастардың бос уақыты мен денсаулығы, білім мен ғылымдағы орны, әлеуметтік-экономикалық жағдайы, көрсетушілік, тұрғын үй жағдайы, еңбекпен қамту мәселелері, кәсіпкерлік қызмет тәжірибесі, көші-кон көңіл күйі, құндылық бағдарлары,

АЛАТАУ Ардагері  
Басылым 2023 жылғы 7 қыркүйектен шыға бастады  
ҚҰРЫЛТАЙШЫ:  
«Ардагер ұйымы»  
Республикалық қоғамдық бірлестігі Алматы облыстық «Ардагер ұйымы» филиалы  
Директор:  
Ерболат ТҰРЫМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР:  
Роза Айдарбекова  
Тел.: 8 777 251 9310  
ТІЛШІЛЕР:  
Алтынбай Сықымбек  
Тел.: 8 705 965 3661  
Рамазан Елешев  
Тел.: 8 747 706 1334

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.  
«Алатау ардагері» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты керек.  
Газет аптасына 1 рет – жұма күні шығады.  
Суреттердің сапасы үшін редакция жауап береді.

Қазақстан Республикасы Ақпарат және даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2023 жылдың 21 тамызында тіркеліп KZ91VPY00075894 номерлі куәлігі берілген.  
Газет «Алматы-Боашақ» акционерлік қоғамының баспаханасында басылды. Алматы қаласы С.Мұқанов көшесі, 23-В.  
МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:  
Қонаев қаласы, Жамбыл көшесі, 13/1.  
«Алатау ардагері» газеті басылымының бүгінгі санының таралымы – 4000.  
Тапсырыс №2019  
Индексі – 65472.